

Осы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты мақсаттарға «Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС микрокредиттерді беру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – ҚР АҚ), Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді, жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты мақсаттарға микрокредиттер беру тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ оларға қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

1. Негізгі терминдер мен қысқартулар

1.1. Ережеде келесі терминдер мен қысқартулар қолданылады:

1) **Акцепт** – Қарыз берушінің осы Ережеде көрсетілген мерзімде және тәртіппен Өтініш берушіге/Қарыз алушыға микрокредит сомасын аударудан көрінетін Өтініш беруші/Қарыз алушы офертасының шарттарымен келісуі.

2) **Сауалнама** – Өтініш беруші/Қарыз алушы интернет-сайтта өтінімді тіркеу және жүргізу кезінде немесе Қарыз берушінің/агенттік желінің бөлімшелерінде өтінімді жүргізу кезінде дербес ұсынған Өтініш беруші/Қарыз алушы туралы деректер.

3) **Агенттік желі** – бұл жасалған Агенттік келісімге сәйкес компанияның тапсырмасы бойынша және мүддесі үшін жұмыс істейтін агенттердің ұйымдасқан түрдегі ресімделген жиынтығы.

4) **Агент** – бұл жасалған Агенттік келісімге сәйкес компанияның тапсырмасы бойынша және мүддесі үшін әрекет ететін жеке/заңды тұлға.

5) **Тексеру** – Өтініш беруші/Қарыз алушы ұсынған деректердің дұрыстығын қосымша тексеру процесі.

6) **Сыйақы** – Қарыз берушіге микрокредитті пайдаланудың әрбір күні үшін Қарыз берушіге тиесілі ақша есебінен берілген микрокредит сомасына пайыздық мәнде айқындалған төлемақы;

7) **Микрокредит беру туралы шарт** – қолданыстағы заңнамаға және осы Ережелерге сәйкес рәсімделген, Қарыз беруші мен Қарыз алушы арасында жасалған келісім, соның ішінде Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім аясында жасалған, оның негізінде Қарыз беруші Қарыз алушыға мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарымен микрокредит береді. Бұдан әрі Ережелер мәтінінде «Микрокредит беру туралы шарт» деп аталатын ұғым микрокредит берілген Қарыз алушы мен Қарыз беруші арасында жасалған жеке Микрокредит беру туралы шартты да, сондай-ақ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімге сәйкес жасалған Микрокредит беру туралы шартты да қамтиды.

8) **Микрокредит** – Қарыз беруші Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен, Микрокредит беру туралы шарт және/немесе Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім негізінде мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарымен берілетін ақша қаражаты.

9) **Қарыз алушы** – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, 18 жастан 75 жасқа дейінгі тиісті табысы бар, микрокредит алушы, өзіне міндеттеме қабылдайтын және алынған микрокредитті қайтаруға, ол бойынша сыйақы төлеуге, сондай-ақ Микрокредит беру туралы шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға кепілдік беретін жеке тұлға.

10) **Берешек – Берешек** – негізгі борыш сомасы, микрокредитті пайдаланғаны үшін есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы, оның ішінде Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім шеңберінде берілген микрокредит бойынша, сондай-ақ Микрокредит беру туралы шартқа сәйкес және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес төленуге жататын тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың) сомасы кіретін, Микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушының Қарыз берушіге төлеуі тиіс ақша сомалары.

11) **Қарыз беруші** – «Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС, Өтініш беруші/Қарыз алушымен Микрокредит беру туралы шарт жасасқан микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым.

12) **Тіркелген нөмір** – интернет-сайтта тіркелу немесе өтінім беру процесінде не белгіленген рәсімге сәйкес өтінім деректерін кейіннен өзгерту барысында Өтініш беруші/Қарыз алушы көрсеткен және растаған Өтініш беруші/Қарыз алушының ұялы телефонының нөмірі.

13) **Тіркелген пошта жәшігі** – Өтініш беруші/Қарыз алушы интернет-сайтта тіркелу немесе өтінім беру процесінде не белгіленген рәсімге сәйкес өтінім деректерін кейіннен өзгерту барысында көрсеткен, Өтініш беруші/Қарыз алушының электрондық поштасының мекенжайы.

14) **Өтініш беруші** – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, тиісті табысы бар, 18 жастан 75 жасқа дейінгі, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, өтініш беру арқылы Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім немесе микрокредит беру туралы шарт жасасуға ниет білдірген жеке тұлға.

15) **Микрокредит/кредиттік желі алуға өтінім** – Қарыз берушіге Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім жасасу туралы Оферта түріндегі ұсынысы бар Өтініш беруші/Қарыз алушының өтініші. Өтініш беруші/Қарыз алушы туралы ақпаратты жинауға және жүйелеуге арналған нысан өтініш берушіге микрокредит/ кредиттік желі бойынша лимит беру немесе оларды беруден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажет.

16) **Лимит** – Өтініш беруші/қарыз алушы ала алатын микрокредиттің ең жоғары мөлшері. Лимитті Қарыз беруші Өтініш беруші / Қарыз алушыдан алынған ақпаратқа байланысты дербес белгілейді және Қарыз беруші кез келген уақытта барлық Өтініш беруші/Қарыз алушылар үшін де, олардың әрқайсысы үшін де бір жақты тәртіппен өзгерте алады. Лимитті белгілеу қарыз берушіні Өтініш беруші / Қарыз алушымен Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім жасасуға міндеттемейді және Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім жасасуға арналған Офертаны берген кезде Өтініш беруші/Қарыз алушыны хабардар ету үшін жүзеге асырылады.

17) **Жеке кабинет** – Өтініш беруші/Қарыз алушының микрокредитті алумен және қайтарумен байланысты әрекеттерді жасауына, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда Микрокредит беру туралы шарттар/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімдер бойынша ақпарат алуына арналған интернет-сайттың/мобильді қосымшаның жария қолжетімділіктен жабық бөлімі.

18) **Логин** – Өтініш беруші/қарыз алушының тіркелген мобильдік нөмірімен сәйкес келетін, Өтініш беруші/Қарыз алушыны сәйкестендіру үшін оған Жеке кабинетке қол жеткізуді ұсыну мақсатында пайдаланылатын символдық белгі.

19) **Негізгі борыш** – Қарыз алушы қайтармаған (өтемеген) Микрокредит беру туралы шарттың/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімнің шеңберінде Қарыз алушының Қарыз берушіден алған ақшалай қаражат сомасын білдіретін Қарыз алушы берешегінің бөлігі.

20) **Өнім карточкасы** – Өнімнің сипаттамасы мен микрокредит беру шарттары қамтылған құжат.

21) **Кредиттік скоринг** – оның ішінде жеткілікті табыстың, жүзеге асырылатын қызметтің, жылжымайтын/жылжымалы мүліктің, кредиттік берешектің, оның ішінде басқа банктердің/МҚҰ алдындағы, банктердің кредиттері бойынша төлем тәртібінің/МҚҰ, кредит тарихы және өзге де қажетті ақпараттың болуы немесе болмауы туралы нұсқауды қоса алғанда, сапалық және сандық сипаттамаларға негізделген математикалық немесе статистикалық модельді қолдана отырып өтініш берушінің кредиттік бағалау жүйелері.

22) **Кредит төлеу қабілеттілігі** – бұл Қарыз алушының өзінің борыштық міндеттемелерін толық және уақтылы төлеу қабілеті.

23) **Кредиттік бюролар** – кредиттік тарихты қалыптастыруды, кредиттік есептер беруді және заңнамада және/немесе кредиттік бюро мен Қарыз беруші арасында жасалған шартта көзделген өзге де қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдар.

24) **Кредиттік есеп** – тиісті Кредиттік бюро ұсынатын және Қарыз алушының кредиттік тарихы туралы ақпаратты қамтитын құжат.

25) **Оферта** – Өтініш беруші/Қарыз алушы Қарыз берушіге жіберетін өтінімдегі осы Ереженің талаптарында Микрокредит беру туралы шартты/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім жасасу туралы ұсынысы.

26) **Құпиясөз** – Өтініш беруші/Қарыз алушы жасаған немесе интернет-сайтта/мобильді қосымшада тіркеу процесінде Өтініш беруші/Қарыз алушыға ұсынылған немесе кейіннен ол айқындаған және Қарыз алушының/Өтініш берушінің Жеке кабинетіне қол жеткізуін ұсыну мақсатында оны сәйкестендіру үшін пайдаланылатын құпия символдық белгі.

27) **Дербес деректерді өңдеуге қатысты саясат** – «Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС бекіткен құжат, ол «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Өтініш берушілердің/Қарыз алушылардың дербес деректерін жинау, сақтау және өңдеу тәртібін айқындайды.

28) **Тіркеу** – нәтижесінде Өтініш беруші/Қарыз алушы сәйкестендіретін және оның бейіні жасалатын ақпаратты Қарыз берушіге жіберу процесі.

29) **Интернет-сайт** – www.satcredit.kz, www.new.zaimer.kz мекенжайымен Интернет желісіндегі «Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС ресми сайты.

30) **Сервис** – Өтініш беруші/Қарыз алушыға Микрокредит беру туралы шарт/Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім жасасуға Оферта ресімдеуге, сондай-ақ Қарыз берушімен электрондық нысанда өзара іс-әрекет жасауға мүмкіндік беретін интернет-сайтта/мобильді қосымшада орналастырылған онлайн-сервис.

31) **Код** – Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 152-бабы 3-тармағына сәйкес Өтініш берушіге/Қарыз алушыға телефон қоңырауы, СМС-хабарлама (СМС) арқылы ұсынылатын өз қолымен қойылған қолдың баламасы болып табылатын бірегей құпия символдық код. Кодты Өтініш беруші/Қарыз алушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қарыз берушімен қашықтықтан өзара іс-қимыл жасау барысында электрондық құжаттарға қол қою үшін пайдаланады.

32) **Кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімі / Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімі** – «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС дайындаған құжаттар, соған сәйкес Қарыз алушы/Өтініш беруші ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беру/алу және кредиттік есепті беру шарттарымен келіседі.

33) **Сәйкестендіру құралдары** – Өтініш беруші/Қарыз алушының сервисті пайдалануы барысында оны сәйкестендіруге арналған және Өтініш беруші/Қарыз алушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Жеке кабинетке кіруін жүзеге асыруы үшін қажетті логин мен құпиясөз және өзге де құралдар.

34) **Тараптар** – Қарыз беруші және Өтініш беруші/Қарыз алушы.

35) **Шот** – Өтініш беруші/Қарыз алушы тіркеу кезінде көрсеткен, Қарыз беруші Микрокредит беру туралы шартқа/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімге және осы Ережеге сәйкес микрокредит сомасын аударатын банктік /карточкалық шот.

36) **ШҚО** – белгіленген лимит және берілген өкілеттіктер шеңберінде дербес шешімдер қабылдау жөнінде белгілі бір өкілеттіктер берілген, шешімдер қабылдау орталығы, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган.

37) **Өнім шарттары** – сыйақы мөлшері туралы шарттарды, берешекті өтеу мерзімдері мен кезектілігін қоса алғанда, микрокредит берілетін шарттар, сондай-ақ Қарыз алушыға берілетін әрбір жеке микрокредит бойынша тәуекелді азайтуға бағытталған ерекше шарттар. Әрбір өнім бойынша кредит беру шарттары Өнім карточкаларында бар.

38) **Есепке алу жазбасы** – Өтініш беруші/Қарыз алушыға қатысты және ол және оның интернет-сайттағы әрекеттері туралы деректерді, оның ішінде авторизациялауға арналған сәйкестендіру деректерін қамтитын, интернет-сайттағы электрондық тізілімнің жазбасы.

39) **Мобильді қосымша** – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында пайдаланылатын және ұялы байланыс немесе Интернет қызметтері арқылы жеке кабинетке қол жеткізуді қамтамасыз ететін бағдарламалық өнім.

40) **Кәсіпкерлік қызмет** – жеке меншік құқығына негізделген, мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза табыс алуға бағытталған азаматтардың дербес, бастамашыл қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, тәуекелі үшін және мүліктік жауапкершілігі үшін жүзеге асырылады.

41) **Жеке кәсіпкерлік** – Қазақстан Республикасы азаматтарының таза кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан, олардың тәуекелі мен мүліктік жауапкершілігі үшін жүзеге асырылатын дербес бастама қызметі болып табылады.

42) **Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім** – Қарыз алушыға микрокредит беру қағидаларында және кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімде белгіленген сома мен мерзім шегінде микрокредит алу сомасы мен уақытын кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімнің ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылатын микрокредит беру туралы шартта (шарттарда) өзі анықтауға мүмкіндік беретін шарттарда жасалған микрокредит беру туралы келісім.

43) **Кредиттік желі лимиті** – Қарыз беруші бекіткен шекті сома, ол аясында Қарыз алушыға Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімде белгіленген шарттар бойынша қолжетімділік кезеңі мен Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімнің мерзімі ішінде микрокредиттер алу мүмкіндігі беріледі.

44) **Жаңартылатын кредиттік желі** – Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім аясында микрокредит беру тәсілі. Бұл жағдайда Қарыз алушы кредиттік желінің қолжетімділік мерзімі ішінде Қарыз беруші бекіткен кредиттік желінің жалпы лимитіне қол жеткізе алады. Сонымен қатар, оның бір бөлігін өтегенде, Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімде белгіленген шарттар бойынша өтелген негізгі қарыз шегінде қосымша қаржыландыру (жаңарту) мүмкіндігі беріледі.

1.2. Осы бөлімде көрсетілмеген, бірақ Ереженің мәтіні бойынша қолданылатын терминдер мен қысқартуларда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына немесе өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес оларға берілген анықтамалар болады.

2. Кредит берудің жалпы шарттары

2.1. Осы Ереже өнім шарттарына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға микрокредиттер беру шарттарын айқындайды және тәртібін белгілейді.

2.2. Өнімнің негізгі шарттары осы Ережеге қосымша болып табылатын Өнімдер карточкаларында немесе осы Ереженің негізінде және оларға сәйкес бекітілетін микрокредиттер беру шарттары бар Өнімдер карточкаларында көрсетіледі.

2.3. Кредит беру шарттары мен талап етілетін құжаттар тізбесі Қарыз берушінің қалауы бойынша және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы толықтырылуы және жаңартылуы мүмкін.

2.4. Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім / Микрокредит беру туралы шарт тікелей Қарыз алушымен жасалуы тиіс, осы Шартты Қарыз алушы берген сенімхаттар негізінде үшінші тұлғалардың жасауына жол берілмейді.

2.5. Өтініш беруші/Қарыз алушы интернет-сайт, мобильді қосымша арқылы немесе Қарыз берушінің/агенттік желісінің бөлімшелерінде кредиттік желі/микрокредит (кредиттік желі шеңберіндегі транш) бойынша қалаған лимит сомасын көрсете отырып, өз бетінше өтінім беру мүмкіндігіне ие болады.. Бұл ретте Қарыз беруші Өтініш беруші/Қарыз алушы ұсынған деректерге сүйене отырып, сондай-ақ өзге де өлшем шарттарды басшылыққа ала отырып, Өтініш беруші/Қарыз алушы сұратқан мөлшерлерде микрокредит беру мүмкіндігін дербес айқындайды.

2.6. Қарыз алушы өзінің кредит тарихына, кірістер туралы ақпаратқа және автоматты андеррайтинг нәтижелеріне сүйене отырып талданады. Автоматты андеррайтинг тәуекел

деңгейіне байланысты кредит берудің жарамдылығын анықтайды. Кесімді балға байланысты, скоринг нәтижелері бойынша келесі қауіп аймақтары анықталады:

2.6.1. «Ақ» аймақ – ең жоғары скоринг балы бар өтінімдер, жоғары кредит төлеу қабілеттілігімен, сондай-ақ микрокредитті қайтармау ықтималдығының төмендігімен сипатталатын Қарыз алушылар;

2.6.2. «Сұр» аймақ – кесімді балдан жоғары, бірақ «ақ» аймаққа кірмейтін өтінімдер, кредит төлеу қабілеті орташа Қарыз алушылар, олар бойынша проблемалық үлесі жол берілетін шекте, сәйкес келтіру үшін кредит беру шарттарын ықтимал түрде түзете отырып, қосымша андеррайтинг рәсімдерін талап етеді;

2.6.3. «Қара» аймақ – белгіленген кесімді балдан төмен жинаған өтінімдер, микрокредитті қайтармау ықтималдығы жоғары, кредит төлеу қабілеттілігі өте төмен сипатталатын Қарыз алушылар. Мұндай кредиттік өтінімдер қарауға жатпайды және бас тартуға жатады.

2.7. Қарыз беруші төлем қабілеттілігін, кредитті төлеу қабілеттілігін талдау негізінде және тәуекел аймағын айқындағаннан кейін Қарыз алушыға микрокредит беру/ кредиттік желі лимитінің мөлшерін анықтау туралы шешімді қабылдайды:

2.7.1. «ақ» тәуекел аймағының анықтамасына жататын кредиттік өтінім бойынша – шешім ШҚО шешімі түрінде автоматты түрде ресімделеді (факсимиледен);

2.7.2. «сұр» тәуекел аймағының анықтамасына жататын кредиттік өтінім бойынша – Тексеру бөлімінің қызметкерлері Қарыз алушы ұсынған деректердің дұрыстығын тексеру және айқындау процесі жүргізіледі және шешім ШҚО шешімі түрінде (факсимилемен) ресімделеді;

2.7.3. «қара» тәуекел аймағының анықтамасына жататын кредиттік өтінім бойынша – мұндай өтінімдер қарауға жатпайды.

2.8. Қарыз беруші Қарыз алушыларға микрокредиттерді қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол емес тәсілмен, Қарыз алушының өтініші бойынша Қарыз алушы сатып алған тауарлар немесе орындалған жұмыстар, қызметтер үшін төлем жасауды көздейтін келісім жасасқан заңды тұлғаның банктік шотына аудару арқылы, микрокредит валютасы – Қазақстан Республикасының теңгесі, Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілеріне және өнім шарттарына сәйкес береді.

2.9. Қарыз беруші Өтініш беруші/Қарыз алушыны өтінім бойынша қабылданған шешім туралы ауызша хабарлау арқылы да, сондай-ақ электрондық мекенжайға, ұялы телефон нөміріне хабарламалар және қашықтықтан хабарлаудың өзге де түрі арқылы да хабардар етеді.

3. Өтініш беруші / Қарыз алушыға қойылатын жалпы талаптар

3.1. Өтініш беруші / Қарыз алушы Қазақстан Республикасының азаматы болуы, кәсіпкерлік қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруы тиіс.

3.2. Өтінім берген сәтте Өтініш беруші/Қарыз алушының жасы кемінде 18 (он сегіз) жас және 75 (жетпіс бес) жастан аспауы тиіс.

3.3. Өтініш беруші/Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шартты/Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімді жасасу және жасалған шарттардың талаптарын орындау үшін қажетті және жеткілікті құқық пен әрекетке қабілеттілікке, сондай-ақ барлық құқықтар мен өкілеттіктерге ие болуы тиіс.

3.4. Өтініш беруші / Қарыз алушы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тіркелуі тиіс.

3.5. Өтініш берушінің / Қарыз алушының жеке басын куәландыратын негізгі құжаты болуы тиіс.

3.6. Өтініш беруші / Қарыз алушы қарыз қаражаттарынан тұратын табысқа ие болуы керек.

3.7. Өтініш беруші / Қарыз алушыда Қазақстан Республикасында Ұялы байланыс операторының тіркелген ұялы телефон нөмірінің болуы тиіс.

4. Микрокредит/кредиттік желі үшін қажетті құжаттар тізбесі

4.1. Микрокредит алу үшін Қарыз алушы мыналарды ұсынады:

4.1.1. кредиттік желі беруге (ашуға) / микрокредит алуға өтініш;

4.1.2. Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжат;

4.2. Өтініш беруші/Қарыз алушы ұсынатын құжаттардың ең аз тізбесі өнім шарттарымен анықталады және Өнім карточкасында көрсетіледі.

4.3. Осы Ереженің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Өтініш беруші/Қарыз алушының өтінімі бойынша шешімді қарау және қабылдау үшін қажетті өзге/қосымша құжаттар тізбесінің айқындалуы мүмкін.

5. Микрокредит алуға өтініш беру тәртібі

5.1. Өтініш беруші/Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім жасасуға арналған өтінімді/Офертаны жасау үшін мынадай ақпаратты ұсынуы тиіс: Тегі, аты, әкесінің аты, азаматтығы, жынысы, туған күні мен жері, жеке куәлігінің деректері, ЖСН, тіркелген және тұратын мекенжайы, отбасылық жағдайы, соңғы орында тұрғаны және тұрғын үйдің меншік иесі кім екендігі туралы мәліметтер, жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер, ай сайынғы шығыстары мен кірістері туралы мәліметтер, білімі, банктерде/Қазақстан Республикасының МҚҰ-да кредиттердің/микрокредиттердің болуы/болмауы туралы мәліметтер, ұялы телефон нөмірі, үй және жұмыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы, бейтарап бет әлпеті және аузы жабық күйдегі ашық фондағы бет суреті, сондай-ақ Қарыз берушінің қалауы бойынша шешім қабылдау үшін қосымша деректер.

5.2. Қарыз беруші Өтініш беруші/Қарыз алушының Өтінімде/Офертада ұсынған деректерінің анықтығын сәйкестендіру және растау, сондай-ақ Өтініш беруші/Қарыз алушының төлем төлеу қабілеттілігі және кредит төлеу қабілеттілігі дәрежесін айқындау бойынша іс-шараларын жүргізеді не үшінші тұлғаларды тарта алады.

5.3. Қарыз алушы/Өтініш беруші мынадай жағдайларда өз келісімін береді:

5.3.1. Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және беруге ол еркін, өз бетінше және өз мүддесі үшін СМС-хабарламалармен, кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып, ауызша немесе жазбаша түрде интернет-сайт/мобильді қосымша арқылы береді;

5.3.2. Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім жасасу немесе микрокредит беруден бас тарту мақсаттары үшін, сондай-ақ Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда ақшалай қаражатты сот немесе сотқа дейінгі тәртіппен келесі тәртіппен өндіріп алу үшін дербес деректерді пайдалануға;

5.3.3. Қарыз беруші барлық алынған дербес деректерді Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім бойынша өз міндеттемелерін толық тиісінше орындаған сәтке дейін пайдалануға құқылы екендігіне;

5.3.4. Қарыз берушіден жарнама материалдарын және Қарыз берушінің қызметтері мен акциялары туралы ақпаратты электрондық байланыс құралдары – E-mail және СМС жіберілімдері арқылы алуға;

5.3.5. Қарыз беруші кез келген үшінші тұлғалардан оның төлем төлеу қабілеттілігін анықтау мақсатында Өтініш беруші/Қарыз алушы туралы ақпаратты сұратуға құқылы екендігіне;

5.3.6. Қарыз берушінің мәліметтерді кредиттік бюроларға беруіне және Өтініш беруші/Қарыз алушы туралы ақпаратты алу мақсатында кредиттік есепті алуына. Өтініш беруші туралы ақпарат алу мақсатында кредиттік бюроны таңдау құқығы Қарыз берушіге беріледі.

5.4. Өтініш беруші / Қарыз алушы Өтінім/Офертаны бере отырып, барлық ұсынылған мәліметтердің толық, дәл, дұрыс болып табылатынын және Өтініш берушіге/Қарыз алушыға жататынын және осы Ереженің талаптарына сәйкес келетінін растайды, Дербес деректерді өңдеуге қатысты саясатты қабылдайды.

5.5. Өтініш беруші / Қарыз алушы интернет-сайт, мобильді қосымша арқылы Өтінім/Офертаны бере алады, Қарыз берушінің/агенттік желінің кез келген бөлімшесінде ресімдей алады не Қарыз берушінің Байланыс орталығына/Қарыз берушіге Байланыс орталығының қызметтерін көрсететін үшінші тұлғаларға телефон қоңырауын шала алады.

5.6. Микрокредит алуға өтінім / Оферта берген кезде Өтініш беруші / Қарыз алушы микрокредит сомасын айқындауға және қарыз ақша қаражатын алу тәсілін мына жолдармен таңдауы тиіс:

5.6.1. микрокредит алуға Өтінім / Оферта берген сәтте қолданыстағы Төлем банк картасына ақша қаражатын аудару арқылы;

5.6.2. микрокредитті алуға Өтінім / Оферта берген сәтте оның нақты болуы тиіс Өтініш берушінің/Қарыз алушының атына ашылған банк шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы;

5.6.3. Қарыз алушының өтініші негізінде Қарыз алушы сатып алатын тауар үшін немесе Қарыз алушыға орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін заңды тұлғаның банктік шотына ақша қаражаттарын аудару жолымен;

5.6.4. Қарыз берушінің/агенттік желінің бөлімшесінде қолма-қол ақша қаражатын алу арқылы.

5.7. Өтінімге/Офертаға және барлық қажетті келісімдерге қол қоюды Өтініш беруші/Қарыз алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз қолымен немесе электрондық нысанда жүргізеді

6. Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім жасасуға арналған өтінімді / Офертаны қарау тәртібі

6.1. Қарыз берушінің Өтінімді/Офертаны алуы Қарыз берушіні Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім жасасуға емес, Өтінімді/Офертаны қарауға міндеттейді. Қарыз беруші Өтініш беруші/Қарыз алушының Өтінімін/Офертасын акцептеген сәтке дейін осы Ережеде көзделген қызметтерді көрсетуге және міндеттемелерді орындауға міндетті емес.

6.2. Микрокредит/ кредиттік желі алуға арналған өтінімді қарау мерзімін Қарыз беруші дербес айқындайды, бұл ретте мерзім Өтініш беруші/Қарыз алушы мәліметтерді ұсыну мерзімін қамтымайтын 30 (отыз) жұмыс күнінен аспауы тиіс.

6.3. Қарыз беруші өтінім беруші/Қарыз алушы өтінімде/Офертада көрсеткен деректерді тексереді, мемлекеттік билік органдарының ақпараттық жүйелерінің деректерін және өзге де ақпарат көздерін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өтініш берушіні/қарыз алушыны аутентификациялау және сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

6.4. Қарыз беруші микрокредит беру/ кредиттік желі лимитін туралы шешімді қабылдау үшін өз қалауы бойынша Өтініш беруші/Қарыз алушының қосымша мынадай іс-әрекеттер жасауын талап етуге құқылы:

6.4.1. Өтініш беруші/Қарыз алушының жеке басын куәландыратын негізгі құжаттың сканерленген көшірмесін электрондық пошта немесе Жеке кабинет арқылы немесе сұратылған құжаттың түпнұсқасын Қарыз берушінің бөлімшесіне ұсынуын;

6.4.2. Өтініш берушінің/Қарыз алушының қосымша құжатының (оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей: шетелдік паспорт, ЖСН, СТН, жүргізуші куәлігі, студенттік билет, зейнетақы куәлігі, әскери билет, тиісті кірістің және қызметтің жүзеге асырылуын растайтын өзге де қажетті құжаттар) сканерленген көшірмесін электрондық пошта немесе Жеке кабинет арқылы немесе сұратылған құжаттың түпнұсқасын Қарыз берушінің бөлімшесіне ұсыну;

6.4.3. Өтініш берушінің/Қарыз алушының табысы туралы анықтаманың (жұмыстардың орындалуын, қызметтердің көрсетілуін, мүліктік табыстың болуын

растайтын контрагенттермен жасалған шарттардың жұмыс орнынан анықтама және Қарыз берушінің таңдауы бойынша өзге де құжаттар) сканерленген көшірмесін электрондық пошта немесе Жеке кабинет арқылы немесе сұратылған құжаттың түпнұсқасын Қарыз берушінің бөлімшесіне ұсыну;

6.4.4. Қарыз берушінің Өтініш берушіге/Қарыз алушыға қатысты сұрақтарына жауапты интернет сайтта, мобильді қосымшада, телефон арқылы, интернет-мессенджерлер арқылы беруін;

6.4.5. Өтініш беруші/Қарыз алушы жіберушінің жеке басымен байланыс ұйымының қызметкері куәландырған жеделхатты Қарыз берушіге жіберуін;

6.4.6. Өтініш беруші / Қарыз алушының Қарыз берушінің кеңсесіне жеке келуін;

6.4.7. жоғарыда көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын ұсынууды;

6.4.8. микрокредит/ кредит желісін алуға Өтінімді/Офертаны қағаз тасымалдағышта, Өтініш беруші / Қарыз алушының жеке өзіне қолымен, не поштамен (курьермен) ұсынуын, бұл ретте микрокредит алуға өтінімдегі қолы нотариалды куәландырылуын талап етуі тиіс;

6.4.9. Қарыз алушының/Өтініш берушінің талабы бойынша басқа да іс-әрекеттерді жасауын.

6.5. Қарыз беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Өтініш беруші/Қарыз алушы үшін Офертаның/Микрокредит беру туралы шарттың/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімнің талаптарын оларды жақсарту жағына қарай бір жақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

6.6. Қарыз беруші Өтінім беруші жіберген өтінім/Оферта, сондай-ақ Өтінім беруші ұсынған кез келген қосымша ақпараттың негізінде микрокредит / кредит желісінің лимитін беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

6.7. Қарыз беруші Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы жасасудан мынадай жағдайларда бас тартады:

6.7.1. Өтініш беруші / Қарыз алушы осы Ережеде көрсетілген талаптарға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді;

6.7.2. Өтініш беруші / Қарыз алушы қажетті құжаттарды ұсынбаған;

6.7.3. Өтініш беруші / Қарыз алушы ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді;

6.7.4. Өтініш беруші/Қарыз алушы туралы деректердің осы Ережеде белгіленген микрокредит беру шарттарына сәйкес келмеуі;

6.7.5. Өтініш беруші / Қарыз алушының дәйексіз ақпаратты ұсынуы;

6.7.6. Қарыз берушінің Өтініш берушінің/Қарыз алушының ықтималды төлем төлеуге қабілетсіздігі туралы ақпаратты, Өтініш берушінің/Қарыз алушының үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны, кредит төлеу қабілетінің төмендігі туралы мәліметтерді және Өтініш берушінің/Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарттың/Кредиттік желіні беру (ашу) туралы келісімнің талаптарын орындамауы мүмкін тәуекелін көрсететін ақпаратты алуы;

6.7.7. Өтініш беруші/Қарыз алушының дербес деректерді жинауға, беруге және өңдеуге келіспеуі, сондай-ақ осы Ереженің және Дербес деректерді өңдеуге қатысты саясаттың шарттарына қосылмауы;

6.7.8. Өтініш беруші / Қарыз алушының Ереженің 6.4 тармағына сәйкес құжаттарды ұсынуудан бас тартуы;

6.7.9. Басқа негіздер бойынша Қарыз берушінің қалауы бойынша.

6.7.10. Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімдерде Қарыз беруші Өтініш берушінің/Қарыз алушының қабылданған шешім - микрокредит беру немесе Өтініш берушімен/Қарыз алушымен Микрокредит беру туралы шарт/ Кредит желі беру (ашу) туралы келісім жасасудан бас тарту туралы бас тарту себептерін көрсете отырып кез келген қолжетімді тәсілмен, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, ұялы телефонға электрондық пошта және/немесе СМС-хабарламалар және/немесе интернет-сайттағы, мобильді қосымшадағы жеке кабинетте хабарламалар және/немесе телефонға қоңырау шалу арқылы хабардар етеді.

6.8. Қарыз берушінің банктік шотқа билік ету құқығын тексеру үшін Өтініш берушіден/Қарыз алушыдан өзінің жеке банктік шотынан қарыз берушінің банктік шотына 10 (он) теңге көлемінде ақша аударымын немесе Өтініш берушінің/Қарыз алушының қалауы бойынша кез келген басқа соманы жіберуді талап етуге құқығы бар. Қарыз беруші Өтініш беруші / Қарыз алушыға нақты сөйлемді хабарлайды. Оны төлемді тағайындауда көрсету қажет (мысалы: «Микрокредитті беру туралы шарт жасасуға келісемін»).

6.9. Нақтылаушы ақпарат алу үшін Өтініш беруші/Қарыз алушы Байланыс орталығына телефон қоңырауын шалу арқылы Қарыз берушіге хабарласа алады.

6.10. Егер Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімге қол қойылған күннен бастап немесе кредиттік желінің белгіленген лимиті шеңберінде микрокредит алуға соңғы өтінім берілген күннен бастап 2 (екі) жыл ішінде Қарыз алушы микрокредит беруге бірде-бір өтінім бермеген жағдайда, Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім тараптардың келісімі бойынша, тоқтату туралы жеке келісімге қол қою қажеттілігінсіз тоқтатылған (бұзылған) болып есептеледі.

6.11. Несие желісін беру (ашу) туралы келісімді Несие беруші келесі жағдайларда біржақты тәртіппен бұзуы мүмкін:

6.11.1. Қарыз алушы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен соттан тыс банкроттық рәсімінің немесе сот банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап банкрот деп жарияланған;

6.11.2. Несие желісін беру (ашу) туралы келісімді жарамсыз деп тану туралы заңды күші бар сот шешімі негізінде;

6.11.3. қылмыстық іс бойынша жәбірленуші деп танылған Қарыз алушыға микрокредиттің алаяқтық жолмен берілгенін анықтайтын заңды күші бар сот шешімі негізінде;

6.11.4. Қарыз алушы заңды күші бар сот шешімі негізінде қайтыс болған/қайтыс болды деп жарияланған.

7. Өтінім/Офертаны акцепттеу және микрокредит/ кредиттік желі лимитін беру тәртібі

7.1. Қарыз берушінің өтінімді/Офертаны акцептеуі Қарыз берушінің Офертаның/өтінімнің барлық талаптарымен келісетінін білдіреді, Акцепт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес Микрокредит беру туралы шарт жасасуға тең, бұл тараптардың Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім жасасуын білдіреді.

7.2. Өтінім/Оферта акцепті жағдайында Қарыз беруші осы Ережеде баяндалған параметрлер мен шарттарды ескере отырып, Өтінім беруші Өтінімде/Офертада мазмұндаған тәсілмен Өтінімде/Офертада белгіленген мөлшерде ақшалай қаражатты беру түрінде Өтініш беруші/Қарыз алушыға микрокредит/ кредиттік желіні береді (ашады).

7.3. Микрокредит сомасын банк шотына аударған жағдайда қарыз алушының шотына ақша қаражатының түсу мерзімі Микрокредит беру туралы шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайды.

7.4. Микрокредит сомасын Қарыз алушыға аудару күні/ Қарыз алушының өтініші бойынша үшінші тұлғаға/микрокредит сомасын банкке, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымға, оның ішінде Қарыз берушіге (Қарыз алушының берешегін қайта қаржыландыру үшін микрокредит берген жағдайда) аударған күні немесе таңдалған микрокредит алу тәсіліне байланысты Қарыз берушіге ақша қаражатын беру бойынша қызмет көрсететін Қарыз берушінің/ компанияның бөлімшелері арқылы қолма-қол ақша қаражатын берген күні Қарыз алушыға микрокредит беру сәті болып танылады. Бұл сәт Қарыз берушінің Өтінімді/Офертаны акцептеуі болып табылады, осы күннен бастап Микрокредит беру туралы шарт жасалған болып есептеледі және Қарыз алушы Қарыз берушінің алдында өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

7.5. Қарыз алушының өтінішінде көрсетілген деректемелерге сәйкес, Қарыз беруші микрокредит сомасын немесе оның бір бөлігін Қарыз алушы сатып алған тауарлар немесе

орындалған жұмыстар немесе қызметтер үшін төлем жасауды көздейтін келісімшарт жасасқан заңды тұлғаның банк шотына аударады.

7.6. Қарыз алушы мен Қарыз беруші арасында жасалған Микрокредит беру туралы шарттың/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімнің шеңберінде жүргізілетін барлық төлемдер қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

7.7. Микрокредит беру туралы шарт жасасуға дейін Қарыз беруші микрокредит беру туралы шешім қабылданған сәттен бастап 48 сағаттық мерзімді Клиентке оның шарттарымен танысу үшін береді. Клиенттің микрокредит беру туралы шартқа қол қоюы – Клиенттің микрокредит беру туралы шарттың талаптарымен алдын ала танысқанын растайды.

8. Сыйақыны есептеу тәртібі

8.1. Қарыз алушы микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарыз берушіге Микрокредит беру туралы шартта/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімде көрсетілген мөлшерде сыйақы төлеуге міндетті.

8.2. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ өнім талаптарына сәйкес микрокредит сомасына есептеледі және микрокредит берілген күннен бастап Микрокредит беру туралы шарттарда көрсетіледі.

8.3. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы осы Ережеде және Микрокредит беру туралы шартта белгіленген талаптарда микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес микрокредитті өтеудің таңдалған әдісіне сәйкес төленеді.

9. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі

9.1. Қарыз беруші сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебін жүргізеді:

9.1.1. Микрокредит беру туралы шартты, Микрокредит беру туралы шартқа Қосымша келісімдерді жасасу күніне;

9.1.2. қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

9.1.3. Микрокредит беру туралы шартқа қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (көлемін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда;

9.1.4. Қарыз алушы микрокредитке қызмет көрсету кезеңінде осы Қағидалардың 9.6. тармағында көрсетілген және микрокредит беру туралы шарт жасалған күнге жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне енгізілмеген төлемдерді жүзеге асырған жағдайда, қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартта көзделген тәртіппен жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мәнінің өзгергені туралы хабарланады.

9.2. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (көлемінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын Микрокредит беру туралы шарттың талаптары өзгерген кезде, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу Микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі басталғаннан бастап қарыз алушымен жүргізілген микрокредит бойынша төлемдерді есепке алмай, шарттары өзгеретін күнге микрокредитті өтеудің қалған мерзімі берешегінің қалдығын негізге ала отырып жүргізіледі.

9.3. Қарыз беруші берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін мынадай формула бойынша есептейді:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{i/365}}$$

мұнда:

n - қарыз алушыға соңғы төленген төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төленген төлемнің реттік нөмірі;

S_j - қарыз алушыға төленген j-төлемінің сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

t_j - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j төленген сәтке дейінгі уақыт кезеңі (күнмен);

m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

P_i - қарыз алушы төлемінің i сомасы;

t_i - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

9.4. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның белгісі бір ондық белгіден артық болса, ол мынадай тәсілмен ондық үлеске дейін дөңгелектеуге жатады:

9.4.1. егер жүзден бір бөлігі 5-тен үлкен немесе оған тең болса, оннан бір бөлігі 1-ге артады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады;

9.4.2. егер жүзден бір бөлігі 5-тен кем болса, оннан бір бөлігі өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады.

9.5. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне Қарыз алушының оның микрокредит беру туралы шарттың негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерін (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушының негізгі борыш пен сыйақы бойынша барлық төлемі, оның ішінде Қағидалардың 9.6. тармағында көрсетілген Қарыз алушының үшінші тұлғалардың пайдасына төлейтін өзге де төлемдері кіреді.

9.6. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне микрокредит беру туралы шарт жасау күніне белгілі үшінші тұлғалардың пайдасына Қарыз алушылардың өзге де төлемдер:

1) Қарыз алушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пайдасына кепіл берушінің пайдалануындағы және қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз ететін кепіл затын сақтандыру шарттарын қоса алғанда, оларды жасасу микрокредит беру (өзгерту) талаптарына әсер ететін не микрокредит талаптарынан туындайтын микрокредит беру кезінде ерікті сақтандыру шарттары шеңберінде жүзеге асырылатын микрокредит сомасы есебінен төленетін төлемдері;

2) Қарыз алушының кепілдік (кепілгерлік) алғаны үшін кепіл болушыға (кепілгерге), бағалаушыға кепілге берілетін мүлікті бағалағаны үшін төлемдер енгізіледі.

Егер микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде осы тармақта көрсетілген төлемдердің мөлшерін микрокредиттеудің бүкіл мерзіміне белгілеу мүмкіндігі болмаса, онда микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне олармен шарттар жасалған күні айқындалған осы тұлғалардың тарифтерін негізге ала отырып, микрокредиттеудің бүкіл мерзімі үшін төлемдер енгізіледі.

Микрокредит беру туралы шарт жасалған күні алыну фактісі белгісіз осы тармақта көрсетілген төлемдер қайта есептелген жағдайда нақты төлемнен кейін жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебінде ескеріледі.

10. Микрокредитті қайтару (өтеу) және сыйақы төлеу тәртібі

10.1. Қарыз алушы микрокредит сомасын қайтаруға және есептелген Сыйақыны Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына сәйкес төлеуге міндеттенеді.

10.2. Микрокредит пен есептелген Сыйақы сомасын қайтару Микрокредит беру туралы шартта белгіленген микрокредитті өтеу кестесінің негізінде микрокредитті өтеудің таңдалған әдісіне сәйкес жүзеге асырылады.

10.3. Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындау тәсілін қоса алғанда, Қарыз алушының микрокредитті қайтару, ол бойынша Сыйақы төлеу тәсілдері:

10.3.1. төлемдерді қабылдау бойынша Қарыз берушіге Қызмет көрсететін Қарыз берушінің/компанияның банктік шотына ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару арқылы (комиссия мөлшері Банк тарифтеріне сәйкес айқындалады және Қарыз алушы оны дербес төлейді);

10.3.2. банк картасының көмегімен интернет-сайттағы/мобильді қосымшадағы Қарыз алушының жеке кабинетінде төлеу жолымен (комиссия мөлшері процессингтік орталықтың тарифтеріне сәйкес анықталады және Қарыз алушы өз бетінше төлейді);

10.3.3. Қарыз берушінің Бөлімшесінде/агенттік желісінде қолма-қол ақшалай қаражатпен төлеу жолымен (комиссия компания тарифтеріне сәйкес алынады және Қарыз алушы оны өз бетінше төлейді).

10.3.4. КАССА-24, Qiwi, Yurta, PAYBOX.money, (ЖШС) «PayDala» немесе төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын өзге компания терминалдарын пайдалану арқылы ақшалай қаражатты төлеу арқылы (комиссия көлемі КАССА-24, Qiwi, Yurta, PAYBOX.money, («PayDala» ЖШС) немесе төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын өзге компанияның терминалдық желісінің тарифтеріне сәйкес айқындалады және оны қарыз алушы дербес төлейді).

10.3.5. Қарыз алушы тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, Қарыз берушіге жіберілген өтініш негізінде микрокредит сомасын ішінара немесе толық көлемде мерзімінен бұрын өтеуге құқылы;

10.4. Төлемнің кідіртуі болдырмау мақсатында, ақшалай қаражатты берешекті төлеу шотына алдын ала аудару ұсынылады. Қарыз алушы Қарыз берушіге үшінші тұлғалардың сервистері арқылы ақша қаражатын аудару кезінде төлемдердің кешігу тәуекелін көтереді. Қарыз алушыдан қолма-қол ақшасыз аударымдарды жүзеге асырғаны үшін үшінші тұлғалар алатын комиссиялар мен басқа да төлемдерді төлеу Қарыз алушыға жүктеледі.

10.5. Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған сәті Қарыз берушінің/Қарыз берушіге төлемдерді қабылдау бойынша қызмет көрсететін компанияның есеп айырысу шотына Қарыздың барлық сомасын есептеу болып табылады, ал Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім бойынша Қарыз алушыға Қарыз беруші бекіткен кредиттік желінің лимиті шеңберінде берілген барлық микрокредит беру туралы шарттар бойынша берешекті өтеу болып табылады.

10.6. Ақша қаражатын алған кезде, Қарыз беруші оларды ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Микрокредит беру туралы шартта көзделген кезектілікпен берешекті өтеуге жібереді.

10.7. Егер Қарыз берушімен бірнеше қолданыстағы Микрокредит беру туралы шарт жасалған Қарыз алушыдан ақша қаражаты түсетін болса, онда төлем берешекті қайтару күні бұрын белгіленген Микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өтеу есебіне есептеледі.

11. Қарыз алушылардың микрокредит беру процесінде туындайтын өтініштерін қарау тәртібі.

11.1. Микрокредит беру процесінде Қарыз алушы микрокредит шартының жасалуына және орындалуына, сыйақыларды есептеуге, өзара іс-қимыл тәртібіне, сондай-ақ микрокредит берудің өзге де аспектілеріне қатысты мәселелер бойынша Қарыз берушіге жүгіну құқығына ие.

11.2. Өтініштер мынадай тәртіппен қабылданады:

ауызша түрде:

- тікелей Қарыз берушінің кеңсесінде;
- телефон арқылы немесе мессенджерлерді пайдалану арқылы;

жазбаша түрде:

- тікелей Қарыз берушінің кеңсесінде;
- ресми интернет-сайт арқылы;
- электрондық пошта арқылы;
- пошта байланысы арқылы;

Қарыз берушінің ішкі рәсімдерінде қарастырылған өзге де тәсілдермен жүзеге асырылады.

11.3. Ауызша түрде (телефон арқылы немесе клиенттің микроқаржы ұйымына жеке келуі кезінде) түскен өтініштер дереу қаралады және егер мүмкіндік болса, ауызша өтінішке жауап сол жерде беріледі. Ауызша өтінішті дереу шешу мүмкін болмаған жағдайда, оны клиент жазбаша түрде баяндайды және онымен жазбаша өтініш сияқты жұмыс жүргізіледі. Клиент жауап алу үшін қажетті рәсімдер туралы және осындай өтініштерді қарау мерзімдері туралы хабардар етіледі.

11.4. Жазбаша өтініштер тіркеуге жатады. Қарыз алушыға оның жазбаша өтініші қағаз жеткізгіште қабылданғанын растайтын құжат беріледі не өтініштің көшірмесінде тиісті белгі қойылады. Өтініш қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

11.5. Тіркелгеннен кейін өтінішке кіріс нөмірі беріледі және ол мәні бойынша қарау үшін Қарыз берушінің уәкілетті органына жіберіледі. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша Қарыз беруші жауап дайындайды, қажет болған жағдайда жауапқа тиісті құжаттар қоса беріледі және жауап Қарыз алушыға заңнамада белгіленген мерзімдерде жіберіледі.

11.6. Өтінішті қарау барысында ұсынылған ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз беруші Қарыз алушыдан қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұратады.

11.7. Қарыз алушының өтінішін қарау мерзімі, қолданыстағы заңнамада өзгеше мерзімдер белгіленбеген болса, МҚҰ-ға түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс. Қосымша нақты мән-жайларды анықтау қажеттілігі туындаған жағдайда қарау мерзімі тағы да он бес жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін. Мерзімді ұзарту туралы шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде клиентке хабарланады.

11.8. Қарыз беруші Қарыз алушылардың өтініштерін объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың өтініштерін қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы Қарыз алушыларды хабардар етеді.

Қарыз алушыға өтінішті қарау нәтижелері бойынша берілетін жазбаша жауап қазақ тілінде немесе өтініш жасалған тілде ұсынылады және Қарыз алушы баяндаған әрбір өтінішке, талапқа, өтінішхатқа, ұсынымға және өзге де мәселеге қатысты негізделген және уәжді дәлелдерді қамтиды. Мұндай жауапта Қазақстан Республикасының заңнамасының тиісті нормаларына, Қарыз берушінің ішкі құжаттарына, қаралып отырған мәселеге қатысы бар шарттарға, сондай-ақ қаралып отырған мәселеге байланысты фактілік мән-жайларға сілтемелер беріледі және клиенттің қабылданған шешімге шағым жасау құқығы түсіндіріледі.

11.9. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша Қарыз беруші өтініш берушіге оның өтінішінің мәні бойынша жауап жолдайды. Қарыз алушының өтініші негізді және заңды болған жағдайда, Қарыз беруші бұзушылықты жою және Қарыз алушының құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

11.10. Қарыз алушының/Өтініш берушінің өтініші мынадай жағдайларда қараусыз қалдырылады:

- 1) өтініште жауап жіберілуі тиіс мекенжай көрсетілмеген болса;
- 2) өтініште Қарыз алушының/Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген жағдайда) және оның жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетілмесе;
- 3) өтініште балағат сөздер немесе қорлайтын сөз тіркестері, Қарыз берушінің мүлкіне, сондай-ақ Қарыз беруші қызметкерінің және (немесе) оның отбасы мүшелерінің өміріне, денсаулығына және мүлкіне қатер төндіретін қорқытулар болса;
- 4) өтініш мәтіні оқылмайтын болса;
- 5) өтініш уәкілетті емес тұлға тарапынан берілген болса.

11.11. Өтінішке жауап Қарыз алушыға өтініш қандай түрде берілсе, сол түрде немесе Қарыз алушымен келісілген өзге тәсілмен ұсынылады.

Жазбаша өтінішке берілетін жауап Қарыз берушінің уәкілетті тұлғасы қол қояды.

Қарыз берушінің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайда қолтаңбаны факсимильді көшіру құралдарын немесе өзге де тәсілдерді қолдануға жол беріледі.

Электрондық пошта мекенжайына немесе мәтіндік SMS-хабарлама арқылы жолданатын жазбаша өтінішке берілген жауапқа, сондай-ақ жауабы бар немесе Қарыз

алушыға толық жауап мәтіні орналастырылған интернет-ресурсқа сілтемесі бар push-хабарламаға уәкілетті тұлғаның қолы қойылуы талап етілмейді.

11.12. Клиентке жазбаша өтінішке берілген жауапты жеткізу микроқаржылық қызметтерді көрсету туралы шартта көзделген тәсілмен жүзеге асырылады.

Жауап мынадай жағдайларда клиентке жеткізілген болып есептеледі:

микрокредит беру туралы шартта не Қарыз алушының өтінішінде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша, тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген кезде, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Қарыз алушының кәметке толған отбасы мүшелерінің бірі алған жағдайда;

микрокредит беру туралы шартта не Қарыз алушының өтінішінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілген кезде;

Қарыз алушыға толық жауап мәтіні орналастырылған интернет-ресурсқа сілтеме бар немесе жауаптың өзі қамтылған мәтіндік SMS-хабарлама не push-хабарлама жіберілген кезде;

микрокредит беру туралы шартта көзделген және Қарыз алушының жауапты алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы жіберілген кезде.

Қарыз алушы (не оның уәкілетті өкілі) Қарыз берушіге өзі келген жағдайда жауап қолма-қол беріліп, қолхатпен ресімделеді, бұл туралы осы тармақта көзделген тәсілдермен жеткізілген жауапты қоспағанда, жазбаша өтініштерді тіркеу журналына белгі қойылады.

Жауап адресатқа, алушыға тапсырылуы мүмкін еместігі туралы белгімен не оны қабылдаудан бас тартуына байланысты қайтарылған жағдайда, жауап тиісті түрде берілген болып есептеледі.

12. Қарыз беруші мен Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері, микрокредит беру туралы шарттың/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімнің талаптарын бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі

12.1. Қарыз берушінің құқықтары:

12.1.1. Қарыз алушыдан микрокредит беру туралы шарттарды/ кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімді жасасу және олар бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату, сондай-ақ Қарыз алушы ұсынған кез келген ақпаратты тексеру;

12.1.2. Қарыз алушыдан микрокредит беру туралы шарттың/ кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімнің талаптарын орындауды талап ету;

12.1.3. Қарыз алушының төлем қабілеттілігін бағалау үшін қажетті шынайы ақпаратты алу;

12.1.4. Қарызды қайтаруды қамтамасыз ету бойынша заңнамаға қайшы келмейтін шараларды қолдану.

12.2. Қарыз берушінің міндеттері:

12.2.1. Қарыз алушыға микрокредит беру/ кредиттік желі беру (ашу) шарттары туралы шынайы ақпаратты ұсыну;

12.2.2. Заңнаманың талаптарын, оның ішінде дербес деректерді қорғау бөлігінде сақтау;

12.2.3. Қарыз алушылардың өтініштерін белгіленген мерзімде қарау.

12.3. Қарыз алушының құқықтары:

12.3.1. Микрокредиттер беру қағидаларымен, микрокредиттер беру бойынша МҚҰ тарифтерімен танысу;

12.3.2. Микрокредит беру/ кредиттік желі беру (ашу) шарттары туралы толық және шынайы ақпарат алу;

12.3.3. Шағымдар мен ұсыныстармен Қарыз берушіге жүгінуге;

12.3.4. Заңнамада өзгеше көзделмесе, айыппұл санкцияларынсыз микрокредитті мерзімінен бұрын өтеу.

12.4. Қарыз алушының міндеттері:

12.4.1. Микрокредит шарты/ кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім бойынша міндеттемелерді уақтылы және толық көлемде орындау;

12.4.2. Микрокредит беру туралы шарт/ кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімді жасасу кезінде шынайы мәліметтерді ұсыну;

12.4.3. Байланыс деректерінің өзгергені туралы хабарлау.

12.5. Тараптардың қолданыстағы заңнамада және микрокредит беру туралы шартта/ кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімде көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

12.6. Микрокредит беру туралы шарттың/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімнің талаптарын бұзғаны үшін кінәлі тарап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен зардап шеккен тарапқа келтірілген залалды өтеуге міндетті.

12.7. Микрокредитті беру туралы шартта көзделген мерзімде микрокредитті және есептелген Сыйақыны уақтылы қайтармағаны үшін, Қарыз алушы Қарыз берушінің талабы бойынша өнімнің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес есептелетін және Микрокредит беру туралы шарттарда көрсетілетін өсімпұлды (тұрақсыздық айыбын) төлеуге міндетті.

12.8. Өсімпұлды (тұрақсыздық айыбын) төлеу қарыз алушыны Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

12.9. Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, Қарыз беруші бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сот органдарына жүгінуге құқылы.

12.10. Қарыз берушінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген Қарыз берушіге тиесілі ақша қаражатын қайтару бойынша өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін барлық қажетті шараларды пайдалануға құқығы бар. Осы іс-әрекеттерге байланысты барлық шығындарды Қарыз алушы көтереді.

12.11. Егер Қарыз алушы микрокредитті төлеу мерзімін өткізіп алса не микрокредитті беру туралы шартта көрсетілген мерзімде берешекті толық өтеу үшін жеткіліксіз соманы аударса, Қарыз беруші «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-не Қарыз алушының төлем тәртібі туралы қолда бар жағымсыз ақпаратты бере алады.

12.12. Қарыз беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қарыз алушымен жасалған Микрокредит беру туралы шартта көзделген тәртіппен және шарттарда Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім бойынша талап ету құқығын үшінші тұлғаға беруге құқылы.

12.13. Қарыз беруші өсімпұлдың (тұрақсыздық айыбының) мөлшері және оны есептеу жөніндегі талаптарды азайту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

12.14. Қарыз беруші сыйақы мөлшері туралы шарттарды азайту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы, Микрокредит беру туралы шартта Қарыз алушы үшін жақсарту талаптарының қосымша тізбесі көзделуі мүмкін.

12.15. Қарыз алушы микрокредитті қайтару бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін бұзған жағдайда, мерзімін өткізіп алуды қоса алғанда, Қарыз беруші өз қалауы бойынша берешекті өндіріп алу шараларын қолдануға құқылы, оның ішінде:

12.15.1. соттан тыс тәртіппен реттеу (келіссөздер, хат алмасу, медиация және т. б.);

12.15.2. Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде коллекторлық агенттікті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге тарту. Берешек сотқа дейін өндіріп алуда және коллекторлық агенттікте реттеуде болған кезеңде микроқаржы ұйымы берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап қойып жүгінуге, берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы емес;

12.15.3. атқарушылық жазба жасау үшін нотариусқа жүгіну;

12.15.4. талап арызбен немесе сот бұйрығын шығару туралы өтінішпен сотқа/төрелікке жүгіну;

12.15.5. заңнама талаптарына сәйкес құқықтарды басқаға беру шартын (цессия) жасасу арқылы өзінің талап ету құқықтарын үшінші тұлғаға беру;

12.15.6. Қарыз берушіде тиісті шарттар жасалған кредиттік бюроларға микрокредитті қайтару мерзімінің бұзылуы туралы деректерді беру;

12.15.7. төленбеген берешекті Микрокредит беру туралы шартта соттылығы көрсетілген сот тәртібімен өндіріп алу.

13. Кредиттік досье

13.1. Әр берілген микрокредит/ кредиттік желі бойынша Қарыз беруші Қазақстан Республикасының уәкілетті реттеуші органының нормативтік құқықтық актілерінің және Қазақстан Республикасының заңнамасының және Қарыз берушінің ішкі құжаттарының талаптарын сақтай отырып, кредиттік досье ашады.

14. Өткізілетін акциялар

14.1. Қарыз беруші микрокредиттер/ кредиттік желілер беру және Микрокредит беру туралы шарттар/ Кредиттік желілер беру (ашу) туралы келісім жасасу кезінде акцияларды жүргізуге құқылы. Нақты акция туралы шарттар Бұйрықпен бекітіледі, онда тиісті акцияны өткізудің негізгі параметрлері мен мерзімдері жазылады.

14.2. Қарыз беруші нақты акция туралы қосымша ақпаратты ресми интернет-сайтта және Қарыз берушінің Бөлімшелерінде жариялау құқығын өзіне қалдырады.

15. Мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына қызмет көрсету тәртібі

15.1. Қарыз беруші Қазақстан Республикасының заңнамасының және мүгедектігі бар адамдар (бұдан әрі – МБА) мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары (бұдан әрі – ЖТШТ) үшін қаржы ұйымдарының бөлімшелерінің қолжетімділігіне қойылатын талаптарды белгілейтін ұлттық стандарттың талаптарын сақтай отырып, микрокредиттерді/кредиттік желілерді беру бойынша қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді.

15.2. Қарыз беруші бөлімшелерде/филиалдарда МБА мен ЖТШТ санатындағы клиенттерге басым тәртіппен қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

МБА мен ЖТШТ-ға қызмет көрсету мынадай қолжетімділікті қамтамасыз ету талаптарын ескере отырып ұйымдастырылады:

- үй-жайлар мен қызмет көрсету аймақтарының физикалық қолжетімділігі;
- көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттың қолжетімділігі;
- қызметтерді ресімдеу және алу рәсімдерінің қолжетімділігі.

15.3. Физикалық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Қарыз беруші ұлттық стандарт талаптарын ескере отырып, үй-жайлар мен қызмет көрсету орындарын жабдықтау бойынша шаралар қабылдайды, оның ішінде кедергісіз кіру, қозғалу және қызметтер алу үшін жағдайлар жасайды.

15.4. Қаржылық өнімдер, оларды ұсыну шарттары, қарыз алушылардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат МБА мен ЖТШТ-ның жеке қажеттіліктерін ескере отырып, қолжетімді және түсінікті нысандарда ұсынылады.

15.5. МБА мен ЖТШТ жүгінген жағдайда Қарыз берушінің қызметкерлері қызметтерді алуға, микрокредитті ресімдеу тәртібін түсіндіруге және қажетті құжаттарды толтыруға қажетті көмек көрсетуге міндетті.

15.6. Объективті себептерге байланысты Қарыз берушінің үй-жайында қызмет алу мүмкін болмаған жағдайда, Қарыз берушінің ішкі рәсімдерінде көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін баламалы қызмет көрсету тәсілдерін қолдануға жол беріледі.

15.7. Егер МБА немесе ЖТШТ өкілі денсаулық жағдайына, физикалық шектеулеріне немесе өзге де объективті себептерге байланысты Қарыз берушімен өз бетінше өзара іс-қимыл жасай алмаса, мұндай өзара іс-қимыл сенім білдірілген тұлғаның қатысуымен жүзеге асырылуы мүмкін.

15.8. Сенім білдірілген тұлға деп мына негізде әрекет ететін жеке тұлға танылады:

- нотариат куәландырған сенімхаттың немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес МБА мен ЖТШТ мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттіктерді растайтын өзге де құжаттың негізінде.

15.9. Сенім білдірілген тұлға МБА мен ЖТШТ атынан және олардың мүдделерінде:

- өтінімді қарауға және микрокредит бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты ақпаратты алуға;

- берілген өкілеттіктер шегінде өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

15.10. Қарыз беруші сенім білдірілген тұлғаны сәйкестендіруді, оның өкілеттіктерін тексеруді, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді.

15.11. Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты сенім білдірілген тұлғаға ұсыну оған берілген өкілеттіктер шегінде ғана және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

15.12. Сенім білдірілген тұлғаның қатысуы МБА мен ЖТШТ-ны микрокредит беру туралы шарттан туындайтын құқықтары мен міндеттерінен босатпайды.

15.13. Қарыз беруші МБА мен ЖТШТ-мен өзара іс-қимыл жасау кезінде өз қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шаралар қабылдайды, оның ішінде баламалы коммуникация тәсілдерін және құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

16. Қорытынды ереже

16.1. Осы Ереже «Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС жалғыз қатысушысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

16.2. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қарыз берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешіледі.

16.3. Қарыз беруші Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмеген жағдайда қосымша шарттар мен талаптарды белгілеуге құқылы. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда тараптар осындай жағдайлар әрекет еткен уақыт ішінде жауапкершіліктен босатылады. Осы Ережеге өзгерістер белгіленген тәртіппен, клиенттерді алдын ала хабардар ете отырып енгізіледі.

16.4. Осы Ереженің кез келген өзгерістері мен толықтыруларын Ережені бекіткен «Satcredit.kz» МҚҰ» ЖШС жалғыз қатысушысы бекітеді.

17. Қосымшалар тізімі

№1 қосымша	Өнім карточкасы
------------	-----------------

«Кәсіпкер» өнім карточкасы - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру туралы байланысты мақсаттарға микрокредит/ кредиттік желі	
Клиенттерге қойылатын талаптар	
МАҚСАТТЫ топ	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға
Қарыз алушыға қойылатын талаптар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өтініш беруші / Қарыз алушы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс. 2. Жасы – 18 (он сегіз) жастан кіші емес және 75 (жетпіс бес) жастан артық емес. 3. Өтініш беруші / Қарыз алушы Оферта жіберу және Микрокредит беру туралы шарттың/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімнің талаптарын орындау арқылы Микрокредит беру туралы шарт/ Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім жасасу үшін қажетті және жеткілікті құқық пен өкілеттілікке, сондай - ақ құқық пен әрекетке қабілеттілікке ие болуы тиіс. 4. Өтініш беруші / Қарыз алушы тұрақты тіркеуден өтуі керек. 5. Өтініш берушінің / Қарыз алушының жеке басын куәландыратын негізгі құжаты болуы тиіс. 6. Өтініш беруші / Қарыз алушы қарыз қаражаттарынан тұратын табысқа ие болуы керек. 7. Өтініш беруші / Қарыз алушыда Қазақстан Республикасында ұялы байланыс операторының тіркелген ұялы телефон нөмірі болуы тиіс. 8. Қарыз алушының Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың анықтамалығында болмауы тиіс.
Өнімнің шарттары / өлшемшарттары	
Ұсынылатын өнімнің түрлері	микрокредит / кредиттік желі
I. Өнімнің шарттары/ өлшемшарттары - Микрокредит	
Микрокредитті пайдалану мақсаттары	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты мақсаттарға, микрокредиттер /қарыздар бойынша, оның ішінде қарыз берушіден және өзге банктерден/МҚҰ-дан алынған кредиттік берешек қалдығын қайта қаржыландыруға.
Микрокредит валютасы	Теңге
Микрокредиттің шекті сомалары	Ең төменгі сома – 10 000 (он мың) теңге. Ең жоғарғы сомасы – 5 000 000 (бес миллион) теңге.

Микрокредиттің шекті мерзімдері	60 күнтізбелік айға дейін
Қамтамасыз ету	Қамтамасыз етусіз
Сыйақы мөлшерлемесі және оның шекті шамасы	Жылына 46% артық емес
Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі және оның шекті мәні	46 %-дан артық емес
Микрокредит беру және өтеу шарттары	<p>1. Микрокредит сомасын Қарыз алушыға аудару күні/микрокредит сомасын банкке, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымға (Қарыз алушының берешегін қайта қаржыландыру үшін микрокредит берген жағдайда) аударған күні немесе таңдалған микрокредит алу тәсіліне байланысты Қарыз берушіге ақша қаражатын беру бойынша қызмет көрсететін Қарыз берушінің/ компанияның бөлімшелері арқылы қолма-қол ақша қаражатын берген күні Қарыз алушыға микрокредит беру сәті болып танылады.</p> <p>Қарыз алушының өтініші бойынша Қарыз беруші микрокредит сомасын немесе оның бір бөлігін Қарыз алушы сатып алған тауарлар немесе орындалған жұмыстар немесе қызметтер үшін төлем жасауды көздейтін келісімшарт жасасқан заңды тұлғаның банк шотына аударады.</p> <p>2. Қарыз алушы мен Қарыз беруші арасында жасалған Микрокредит беру туралы шарттың шеңберінде жүргізілетін барлық төлемдер қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.</p> <p>2.1. микрокредит алуға өтінім / Оферта берген сәтте болуы тиіс Өтініш беруші / Қарыз алушы көрсеткен ағымдағы шотқа/карточкалық шотқа ақша қаражатын аудару арқылы;</p> <p>2.2. Қарыз берушінің/ клиенттерге ақша қаражатын беру бойынша Қарыз берушіге Қызмет көрсететін компанияның бөлімшесінде қолма-қол ақша қаражатын алу арқылы.</p> <p>2.3 Өтініш беруші / Қарыз алушы көрсеткен банктік шотқа ақшалай қаражатты аудару арқылы.</p> <p>3. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Микрокредит беру туралы шартқа сәйкес микрокредит алған күннен бастап оны толық өтегенге дейінгі кезеңге микрокредит сомасына есептеледі.</p> <p>4. Микрокредитті өтеу әдістері (Қарыз алушының таңдауы бойынша):</p> <p>- сараланған төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең</p>

	<p>сомаларын және негізгі борыштың қалдығына кезең үшін есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылады;</p> <p>- аннуитеттік төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылатын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақы бойынша азаятын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің көлемі басқалардан өзгеше болуы мүмкін;</p> <p>- біржолғы, Микрокредит беру туралы шартта көрсетілген микрокредит мерзімі аяқталған күні.</p> <p>Қарыз берушімен Өтініш берушіге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда микрокредиттер беру ережесіне сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларының ұсынылуы мүмкін.</p> <p>5. Микрокредит пен есептелген Сыйақы сомасын қайтару Микрокредит беру туралы шартта айқындалған тәртіппен және талаптарда жүзеге асырылады. Қарыз алушы берешекті қайтаруды жүзеге асырады:</p> <p>5.1. төлемдерді қабылдау бойынша Қарыз берушіге Қызмет көрсететін Қарыз берушінің/компанияның банктік шотына ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару арқылы (комиссия мөлшері банк тарифтеріне сәйкес айқындалады және Қарыз алушы оны дербес төлейді);</p> <p>5.2. банк картасының көмегімен интернет-сайттағы/мобильді қосымшадағы Қарыз алушының жеке кабинетінде төлеу жолымен (комиссия мөлшері процессингтік орталықтың тарифтеріне сәйкес анықталады және Қарыз алушы өз бетінше төлейді);</p> <p>5.3. Қарыз берушінің Бөлімшесінде қолма-қол ақша қаражатымен төлеу жолымен.</p> <p>5.4. КАССА-24, Qiwi, Yurta, PAYBOX.money, (ЖШС) «PayDala» немесе төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын өзге компания терминалдарын пайдалану арқылы ақшалай қаражатты төлеу арқылы (комиссия көлемі КАССА-24, Qiwi, Yurta, PAYBOX.money, («PayDala» ЖШС) немесе төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын өзге компанияның терминалдық желісінің тарифтеріне сәйкес айқындалады және оны қарыз алушы дербес төлейді).</p> <p>5.5. Қарыз алушы Қарыз берушіге берілген өтініш негізінде микрокредит сомасын толығымен немесе жартылай мерзімінен бұрын өтеуге құқылы. Микрокредит толық мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, Қарыз алушы Қарыз берушіге Микрокредит беру туралы шартқа сәйкес микрокредитті пайдаланудың нақты күндерінің саны үшін микрокредит сомасын және Сыйақыны бір мезгілде төлейді. Микрокредит ішінара мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, Қарыз беруші Қарыз алушымен микрокредитті өтеу кестесін өзгерте отырып, Микрокредит беру туралы шартқа Қосымша келісім жасасады.</p>
--	---

Өтеу кезектілігі	<p>1. Егер Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткіліксіз болса, көрсетілген сома Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін мынадай кезектілікпен өтейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізгі борыш бойынша берешек; 2) сыйақы бойынша берешек; 3) Микрокредит беру туралы шартта айқындалған көлемде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл); 4) ағымдағы төлем кезеңіндегі негізгі қарыз сомасы; 5) ағымдағы төлем кезеңі үшін есептелген сыйақы; 6) микроқаржы ұйымының орындау бойынша шығындары. <p>2. Егер МҚҰ-мен бірнеше қолданыстағы Микрокредит беру туралы шарттар жасалған қарыз алушыдан берешекті өтеу есебіне ақша қаражаты түссе, онда өтеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Интернет-сайттағы МҚҰ бөлімшесінде немесе қарыз алушының жеке кабинетінде қолма-қол ақшалай қаражатпен төленген жағдайда, www.satcredit.kz/www.new.zaimer.kz/мобильді қосымшадағы банк картасының көмегімен қарыз алушы алдымен өтейтін Микрокредит беру туралы шартты дербес таңдайды. 2.) ақшалай қаражатты МҚҰ банк шотына қолма-қол ақшасыз аударыммен немесе КАССА-24, Qiwi, Yurta, PAYBOX.money, (ЖШС) «PayDala» немесе төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын өзге де компания терминалдарын пайдалану арқылы ақшалай қаражатты төлеу жолымен төлеген жағдайда (комиссия көлемі КАССА-24, Qiwi, Yurta, PAYBOX.money, («PayDala» ЖШС) немесе төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын өзге де компанияның терминалдық желісінің тарифтеріне сәйкес айқындалады), онда төлем берешекті қайтару күні ертерек белгіленген шарт бойынша берешекті өтеу есебіне есептеледі.
Шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін айыппұл санкциялары	<p>1. Микрокредит беру туралы шартта көзделген мерзімде микрокредит сомасын және есептелген Сыйақыны уақтылы қайтармағаны үшін қарыз алушы ақы төлеуге міндетті:</p> <p>1.1. микрокредит сомасын қайтару және (немесе) Микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызы үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл).</p>
Мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі	<p>Микрокредитті мерзімінен бұрын толық (ішінара мерзімінен бұрын) өтеу кез келген уақытта мүмкін.</p>
Басқа шарттар	<p>Қарыз алушының өтінішінде көрсетілген деректемелерге сәйкес, Қарыз алушы сатып алған тауарлар немесе орындалған жұмыстар, қызметтер үшін төлем жасауды көздейтін келісімшарт жасасқан заңды тұлғаның банк шотына төлем.</p>
II. Өнім шарттары/ өлшемшарттары – Кредиттік желі	
Пайдалану мақсаты	<p>Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты мақсаттарға, микрокредиттер /қарыздар бойынша, оның ішінде қарыз</p>

	берушіден және өзге банктерден/МҚҰ-дан алынған кредиттік берешек қалдығын қайта қаржыландыруға.
Кредиттік желінің түрі	Жаңартылатын кредиттік желі
Кредиттік желінің валютасы	Теңге
Кредиттік желінің шекті сомасы	Кредиттік желінің ең аз сомасы – 50 000 (елу мың) теңге Кредиттік желінің ең көп сомасы – 5 000 000 (бес миллион) теңге
Кредиттік желінің шекті мерзімі	120 айға дейін
Кредиттік желі бойынша қолжетімділік кезеңі	120 айға дейін
Кредиттік транш мерзімі	12 айға дейін
Қамтамасыз ету	Қамтамасыз ету жоқ
Кредиттік желі бойынша сыйақы мөлшерлемесі және оның мөлшері	Жылына 46 %-дан аспайды
Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі және оның мөлшері	46 %-дан аспайды
Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімге сәйкес берілетін микрокредитті беру және өтеу шарттары, өтеу кезектілігі, шарттық қатынастарды орындамағаны үшін айыппұл санкциялары, мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі	Өнімнің шарттары/өлшемшарттары – Микрокредит 1-тармақта көрсетілген Ашық кредиттік желі шеңберінде транштар беру Қарыз алушының жеке өтініші негізінде жүзеге асырылады.
Басқа шарттар	Қарыз алушының өтінішінде көрсетілген деректемелерге сәйкес, Қарыз алушы сатып алған тауарлар немесе орындалған

	жұмыстар, қызметтер үшін төлем жасауды көздейтін келісімшарт жасасқан заңды тұлғаның банк шотына төлем.
<p>Микрокредит/кредиттік желі өнімі бойынша ең аз құжаттар пакеті*</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қарыз алушыдан микрокредит алуға / кредиттік желі беру өтініші (электрондық нысан). 2. Қарыз алушыдан БЖЗҚ/БКБ-ға сұрау салуға өтініш-келісім (түпнұсқа немесе электрондық нысан). 3. Кредиттік тарих субъектісінің Қарыз алушы туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімі (түпнұсқа немесе электрондық нысан). 4. Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан кредиттік есепті алушыға Қарыз алушы туралы кредиттік есепті беруге келісімі (түпнұсқа не электрондық нысан); 5. Қарыз алушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім (түпнұсқа немесе электрондық нысан). 6. Жеке сәйкестендіру нөмірінің (ЖСН) мазмұны бар қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжат (көшірмесі). 7. Ақша қаражатын аударуға өтініш. <p><i>* Қарыз берушінің талабы бойынша қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеуге қажетті өзге де құжаттар сұратылуы мүмкін.</i></p>

